

Н.Құрман.

Мемлекеттік тілдің

әлеуметтік лингвистикалық анықтамасы

Мемлекеттік тіл – ерекше саяси-құқықтық статусы бар, белгілі бір мемлекеттің аумағында таралған «мемлекеттік және қоғамдық өмірде маңызды функция атқаратын» тіл.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев:

*«Мемлекеттік тіл – барлық
Қазақстан халықтарын біріктіруші
фактор»*

2005 жылы Қазақстан халқына Жолдауынан

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік қарым-қатынас жүйесіндегі алатын орнын белгілеу негіздемесі

- Қандай да тіл болмасын, егерде мемлекеттік тіл болып жарияланса, ол – сол елдің **негізгі тілі** болып саналады.
- **Мемлекеттік тіл** – оны жариялаған ел азаматтарының барлығы міндетті түрде білуге тиіс тіл.
- **Мемлекеттік тіл** - Ту мен Елтаңба сияқты мемлекеттің рәмізі.
- **Мемлекеттік тіл** – көпұлтты елдің күллі халқын саяси-мәдени бірлікке ұйымдастырудың тиімді құралы.
- **Мемлекеттік тіл** - мемлекеттің лингвистикалық бірлігін білдіреді.

Әлеуметтік лингвистикадағы тілге байланысты ұғымдар

- *Титулды тіл*
- *Конституциялық тіл*
- *Ассоциативтенген тіл*
- *Титулды ұлт тілі*
- *Жұмыс тілі*
- *Жергілікті тіл*

Титулды тіл

- **Титулды тіл** – мемлекет, ұлттық-аумақтық бірлік аталған ұлттың тілі. Мысалы біздің еліміздегі титулды тіл - қазақ тілі болып табылады.

Конституциялық тіл

Конституциялық тіл – тілдің Конституция қолдайтын ерекше статусы/ мәртебесі болып табылады. Мысалы, 1965 жылы Үндістанда ағылшын тілі аталған статусқа ие болған.

Ассоциативтенген тіл

Ассоциативтенген тіл - заңдық актілермен белгіленген, ерекше саяси-құқықтық статусы (мәртебесі) бар тіл. Мұндай тіл жалпы функционалдық белгілерімен біріктірілетін қандай да бір тілдердің тобына немесе ассоциациясына жатады. Мысалы, ағылшын тілінің Үндістандағы 1965 жылдан кейінгі статусын айтуға болады.

ЖҰМЫС ТІЛІ

Жұмыс тілі – түрлі халықаралық келісім шарттард арқылы статус берілетін тіл. Біріккен Ұлттар Ұйымы 1945 жылы құрылғанда оның жұмыс тілі ретінде ағылшын, испан, қытай, орыс, француз тілдері қабылданған болатын. Сонан кейін 1973 жылы мұндай статусқа араб тілі енгізілді.

Түрлі халықаралық саммиттердің, конференциялардың, съездердің, семинарлардың өзінің жұмыс тілдері белгіленеді. Кейбір жағдайларда аталған шешімдер дипломатиялық келісім шарттармен келісіледі.

ЖЕРГІЛІКТІ ТІЛ

Жергілікті тіл – статусы заңдық актілерде бекітілмейтін, белгілі бір этникалық топтардың аясында қолданылумен ғана шектелетін тіл. Жергілікті тілдер бастауыш білім, жергілікті радио, теледидарда, газет, журналдарда қолданылады. Қазақстанда жергілікті тілдерге ұйғыр, кәріс, неміс, поляк тілдерін атауға болады

ТІЛДІК РЕТТЕУ

Тілдік реттеу – ол адамдардың саналы түрде белгілі бір мемлекет аумағында, белгілі бір шешімдердің қабылдануы арқылы жасалатын іс -әрекет және үдеріс.

Тілдік реттеу – тілдердің қарым-қатынастың әр түрлі салаларында қолданылуына және тілдің жүйесі мен өмір сүру формаларының сипатына мақсатты түрде әсер ету. Мұндай әсер ету негізінен заңнамалық актілер қабылдау немесе мемлекеттік органдар тарапынан нақты бір аумақта өзге тәсілдермен әсер ету арқылы жүзеге асады.

Тілдік реттеудің құрамдас бөліктері – **тілдік саясат** және **тілдік жоспарлау**.

Тілдік саясат және Тілдік жоспарлау

- *Тілдік саясат* – мемлекеттік биліктің бейтарап тілдік үдерістерге оларды ретету мақсатымен саналы араласатын идеялық-саяси тұжырымдамасы.
- *Тілдік жоспарлау* – қабылданған саясатты жүзеге асыруды көздейтін идеологиялық, лингвистикалық және қаржылық қамтамасыз етудің кешенді бағдарламасы

Бүгінгі күні елімізде осы бағыттағы
екі бағдарлама қабылданды:

- **1998 жылы 5 қазандағы ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы»**
- **2001 жылы 7 ақпанда ҚР президентінің №550 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»**

Ұлттық-тілдік саясат кезеңдері

- Ұлттық-тілдік саясат құралатын қызмет түрінде өзіне тән дік қозғалыстың иерархиясы және логикасы болады. Олардың негізгі деңгейлерін былай бөліуге болады:
- тұжырымдама жасау; тілдік саясатты идеологиялық қамтамасыз ету;
- тілдердің өзара қарым-қатынасын заңды түрде реттеу;
- тілдердің қарым-қатынасын әкімшілік реттеу;
- тілдік нормаларды кодификациялау;
- тілдік саясатты қаржылық-экономикалық қамтамасыз ету.

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»

**«Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
2001 жылы 7 ақпанда ҚР Президентінің №550 Жарлығымен қабылданған**

Бағдарламада тілдерді дамытудың үш негізгі стратегиялық мақсаты қойылған:

- мемлекеттік тілдің әлеуметтік–коммуникативтік функциясын кеңейту және нығайту;
- орыс тілінің жалпы мәдениеттік функциясын сақтау;
- этникалық топтардың тілдерін дамыту.

Бағдарламаның негізгі міндеттері

Бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі ретінде:

- мемлекеттік тілдің барлық мемлекеттік мекемелерде және жергілікті өзін өзі басқару органдарында негізгі тіл ретінде қолданысын қамтамасыз ету үшін кезеңмен іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көшірудің кестесін жасау белгіленген.

Бағдарламада тілдің дамуы мен жүзеге асырылу тетіктері нақтыланып берілген. Соның ішінде тілдік дамудағы басымдылықтар айқын және нақты көрсетілген. Ондай **басымдылықтар бесеу:**

1. **Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету;**
2. **Мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқару, сот ісін жүргізу, іс қағаздарына енгізу, халықаралық қатынастарда дамыту;**
3. **Білім беру мен тілдерді оқыту саласында тілді дамыту;**
4. **Тілдік дамудың ғылыми қамтамасыз етілуі;**
5. **Мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары, денсаулық сақтау, тұрмыстық қызмет көрсету саласындағы тілдік даму.**

Бағдарламаға 2006 жылы 30 мамырда өзгертулер енгізіліп, аталған міндеттердің кейбір мемлекеттік органдарда толық орындалғанын және басқа да мемлекеттік органдардың іс қағаздарын жүргізу қызметінің кезеңмен мемлекеттік тілге көшу кестелері бекітіліп берілді.

Іс қағаздарын жүргізудің табиғаты мен қызметі, басқару үдерісіндегі ролі мен функциясы

Іс қағаздарын жүргізу – ресми құжаттармен жұмыс істеуді ұйымдастыруды және құжаттауды қамтамасыз етуші қызмет саласы. Кез келген ресми құжатта сақталған ақпарат мекемелердің тұрақты жұмыс істеуі үшін маңызды және қажетті құрал болып саналады.

Қазіргі Қазақстанның іс қағаздарын жүргізу саласындағы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын талдауды **екі параметрмен** өлшеуге болады:

- **тілдің коммуникативтік ресурстары;**
- **сол тілдің қолданыс аясының ТОЛЫҚТЫҒЫ.**

(Ю.Н.Карауловтың жіктемесі бойынша).

Энергетикалық коммуникативтік ресурс тілдің ішкі құрылымымен қамтамасыз етіледі. Ол ресурс тілдің барлық типі мен топтары үшін өздік бағасымен және әр түрлі қуаттылығымен қамтамасыз етіледі, сондықтан да оларды бірдей деп тану үшін таза лингвистикалық объективті алғышарт болып табылады.

Өндірістік коммуникативтік ресурс - мәтін өндіру мен сол мәтіндердің көлемі және маңызымен айқындалады. Мысалы, қазақ тіліндегі ғылыми мәтіндер көбіне гуманитарлық бағытта (әдебиет, тарих, фольклор, дәстүрлі халық медицинасы) жасалған., ал ғылыми-техникалық және экономикалық мәтіндер толық күйде жасалмаған деуге болады.

Тілдің коммуникативтік ресурстары

Транспортты коммуникативтік ресурс

тіл өмірінде оның қолданысының таралу аясын көрсетеді және де уақыт пен кеңістіктегі трансляциясы болып табылады. Оларға, біріншіден, БАҚ,, яғни тілдің басылымдардағы, радио мен телевидениеде және Интернеттегі қолданысы және кітап басылымында және аударма саласындағы қолданысы жатады екен. Айта кету керек, бұл сипаттардың барлығы бірдей қазақ тілінде толық емес.

Тілдің коммуникативтік ресурстары

Тілді қорғау функциясы мемлекеттің мәдени-тілдік саясаты арқылы жүзеге асырылады: ұлттық тілдерді оқыту, тәрбие, білім алу, оқыту тілін таңдаудағы еркіндік. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуші күшті резерв – қостілділік пен көптілділік. Ана тілінде тілдің нақты бір саласы дамымай қалған жағдайда, билингвизм мен полилингвизм транспортты, өндірістік ақпараттық ресурстарды толықтыра алады екен.

Тілдің коммуникативтік ресурстары

Ақпаратты-коммуникативтік ресурс тілдің қабылдануы мен жаңа білім қалыптаструға дайындығын қамтамасыз етеді (тілдің әлеуметтік қолданысын кеңейту және ғылыми-техникалқ терминологияны қалыптастыру).

Басқару ақпаратының қасиеттері

- Ресми сипаты;
- Адрестігі;
- Қайталанбалылығы;
- Тақырыптық шектеулігі.

Басқару ақпаратының сипаты

- **Сенімділік;**
- **Аргументтілік;**
- **Толықтық.**

Ресми-іскери стильдің қырлары

- Мазмұндалуының бейтараптылығы;
- Нақтылық пен айқындық;
- Қысқалық пен әлдік.

Бейтараптылық – ресми іскери қатынастың нормасы.